

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ

Спорт және өнер факультеті



«БЕКІТЕМІН»

Қабылдау комиссиясының төрайымы,  
университет ректоры

Ж.А.Темірбекова

05 \_\_\_\_\_ 2025 ж.

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Дайындау бағыты:** 6B014-Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау

**Білім беру бағдарлама тобы:** B006 Музыка мұғалімдерін даярлау

Түркістан – 2025

Құрастырғандар:

П.ғ.к., аға оқытушы  
оқытушы



А.Б.Куздеубаева  
Л.Телбаева

Шығармашылық емтихан бағдарламасы «Орындаушылық өнер» кафедрасының мәжілісінде талқыланды. Хаттама № 8 «08» 04 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі  Д.Ельжанов

Факультеттің Оқу-әдістемелік комитетінде мақұлданды,  
Хаттама № 8 «10» сәуір 2025ж.

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы  Ұ.А.Кулетова

Факультет деканы  А.Рахымжанов

«Келісілді»

Академиялық мәселелер вице-ректоры  Э.Идрисова

Университет Оқу-әдістемелік комитетінде бекітілді,  
Хаттама № 10 «22» 05 2025ж.

**МАЗМҰНЫ**

1. Жалпы ережелер	4
2. Емтиханды ұйымдастыру тәртібі	4
3. Апелляция	
4. Бірінші шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен шарттары, бағалау көрсеткіштері.	5
5. Екінші шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен шарттары, бағалау көрсеткіштері.	6
6. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі.	7

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы бағдарламада берілген шығармашылық емтихандардың талаптары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 600 бұйрығы негізінде жасалған.

Шығармашылық емтихандарды өткізу шығармашылық емтиханды талап ететін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсуші, құжат тапсырған жоғары оқу орнында жүргізіледі.

Шығармашылық емтиханның мақсаты: «В006 Музыка мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламалары тобы бойынша біліктілік алуға тілек білдірген Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің В006 Музыка мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы тобына құжат тапсырған оқуға түсушілер арасынан шығармашылық және өнер мамандығына бейімі, кәсіби орындаушы үшін аса қажетті шығармашылық және ұйымдастырушылық қабілеті бар дарынды жастарды іріктеп алу және келешекте олардың осы сала бойынша жоғары білім алуына жол ашып, бағыт-бағдар беру.

## 2. Емтиханды ұйымдастыру тәртібі

Шығармашылық емтихандардың кестесі (емтихан өткізу нысаны, мерзімі, күні, уақыты мен өткізу орны, кеңес беру) қабылдау комиссиясының төрағасымен бекітіледі және түсушілерге құжат қабылдау уақытынан кешіктірмей жеткізіледі.

Шығармашылық емтихандар дәстүрлі форматта, тиісті жабдықтармен қамтылған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

В006 Музыка мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы тобы бойынша тапсырылатын шығармашылық емтихандар:

I-шығармашылық емтихан: Орындау шеберлігі.

II-шығармашылық емтихан: Жалпы музыкалық қабілетін көрсету.

Шығармашылық емтихан өткізу қорытындысының бағасы еркін түрде комиссия хаттамасымен рәсімделеді және нәтижелерді хабарлау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төрағаның және барлық қатысқан комиссия мүшелерінің қолы қойылады.

## 3 Апелляция

Қабылдау емтихандарын өткізу кезеңінде шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсырушы адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында Ректор бұйрығымен, төрағасын қоса алғанда, құрамы тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляцияға өтінішті шығармашылық емтихан тапсырған тұлға апелляциялық комиссия төрағасының атына өтінішті өз атынан береді және шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия өтінішті бір жұмыс күні ішінде қарайды.

Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция жөніндегі шешім қатысып отырған Комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады.

Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және қатысып отырған комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен рәсімделеді.

## I -Шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен шарттары, бағалау көрсеткіштері

Бірінші шығармашылық емтихан бойынша аспаптың сүйемелдеуімен ән орындау немесе музыкалық аспаптарда шығармалар орындау нәтижесінде оқуға түсушінің орындау шеберлігі анықталып, бағаланады. Шығармашылық емтиханда оқуға түсуші алдын-ала өзі дайындаған әр түрлі характердегі 2 немесе 3 шығармасын орындап көрсетеді (аспаппен сүйемелдеп айту, минуспен айту немесе «акапелла» - тек дауыспен орындау).

Аспаптың сүйемелдеуімен ән орындау немесе музыкалық аспаптарда шығармалар орындау емтиханын бағалау кезінде келесі қабілеті мен білім деңгейі ескеріледі:

1. Өзін-өзі сахнада ұстауы, отырысы, тұрысы.

2. Шығарманы орындағандағы стильдік ерекшеліктің сақталуы, ырғақтың, екпіннің дұрыс орындалуы, нюанс, дауыстық интонациялық тазалығы, көркем-мәнерлі орындалуы.

3. Шығарма мәтіннің дұрыс орындалуы.

4. Орындау шеберлігі.

Бірінші шығармашылық емтихан бойынша бағалау көрсеткіштері төмендегідей бағаланады:

**«42-50» балл.** Шығарманы аспапта орындау деңгейі немесе әнді көркем-мәнерлі орындауы өте жақсы. Стильдік ерекшеліктері айқын сақталған немесе әнді жоғары деңгейде орындауы айқын. Динамикалық белгілері өте шебер орындалған. Орындау техникасы өте жоғары дәрежеде.

**«33-41»балл.** Шығарманы немесе әнді талапқа сай орындады. Орындау техникасы, дауысы өте жақсы. Стильдік ерекшеліктерді айқын сақталған. Шығарманы орындау стилі мен екпіні дұрыс сақталған немесе әнді орындау деңгейі өте жақсы.

**«24-32»балл.** Стильдік ерекшеліктері айқын сақтаған немесе әнді дұрыс орындаған. Шығарманың орындау стилі мен екпіні дұрыс сақталған немесе әнді таза, жақсы орындаған.

**«14-23» балл.** Орындаушылықтың қыр-сырын игерген. Шығарманы орындау немесе ән айту деңгейі қанағаттанарлық. Нюанстарды жасауда немесе әнді орындауында кемшіліктер бар. Шығарманы таңдауда, екпінінде кемшіліктер немесе әнді орындауында интонациялық қателер бар.

**«5-13» балл.** Нюанстар жасауда кемшіліктер бар. Шығарманың екпінін таңдауда немесе әнді орындауында кемшіліктер бар.

**«4» балл.** Орындау техникасы немесе ән айтуы қанағаттанарлықсыз. Шығарманың немесе әннің мәтіні дұрыс.

**«42-50»балл - (өте жақсы)**

**«33-41»балл - (жақсы)**

**«24-32»балл- (жақсы)**

**«14-23»балл - (қанағаттанарлық)**

**«5-13»балл- (қанағаттанарлық)**

**«4» балл - (қанағаттанарлықсыз)**

## II - шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен шарттары, бағалау көрсеткіштері

Оқуға түсуші талапкердің жалпы музыкалық қабілеті – есту, есте сақтау, ырғақ, музыкалық сезім, әндету қабілеті ескеріліп қаралады.

Музыкалық сауат, есту, есте сақтау, ырғақтық сезім қабілеттерін тексеру емтиханында оқуға түсуші өзінің табиғи дарындылығы, жалпы музыкалық қабілеттерінің деңгейін және берілген сұрақтарға жауап беру нәтижесінде музыкалық сауаттылығын көрсете алады. Бұл емтиханда талапкердің төмендегі білім деңгейі бағаланады:

1. Емтихан қабылдаушының «фортепиано» аспабында берілген жеке дыбыстарды оқуға түсушінің дауыспен «ля» немесе «та» буынында таза интонациялау арқылы, дәлме-дәл қайталауы;

2. Емтихан қабылдаушының аспапта берілген үндестіктердің дыбыстар санын (жеке дыбыс, арақашықтық, үшдыбыстылық, аккорд) ажыратып, айта білуі;

3. Емтихан қабылдаушының ұсынған ырғақтарды – дәлме-дәл қайталай білу қабілеті;

4. Емтихан қабылдаушының аспапта орындаған шағын әуенді таларкер есте сақтап, дауыспен таза интонациялау арқылы қайталауы;

5. Музыкалық сауатынан берілген сұрақтарға толықтай жауап беру.

### Екінші шығармашылық емтиханнан өткізу үшін музыкалық сауаты мен білімін анықтайтын сұрақтар тізімі

- 1) «Нота» дегеніміз не?
- 2) «Такт» дегеніміз не?
- 3). Қандай «музыкалық кілттерді» білесіз?
- 4) «Пауза» дегеніміз не? Олардың түрлерін атаңыз?
- 5) «Бүтін нотада» қанша – «отыз екілік», «он алтылық», «сегіздік», «төрттік», «жартылықтар» бар?
- 6) «Ырғақ» дегеніміз не?
- 7) «Метр» дегеніміз не?
- 8) «Өлшем» дегеніміз не?
- 9) «Затакт» дегеніміз не?
- 10) «Жай өлшемдерді» атаңыз.
- 11) «Синкопа» дегеніміз не?
- 12) «Екпін» дегеніміз не?
- 13) Музыкалық дыбыс пен шулы дыбыстың айырмашалық қасиеттерін түсіндіріңіз.
- 14) Мажорлық және минорлық лад.
- 15) «Тон» және «жарты тон» дегеніміз не?
- 16) Екпін түрлерін атаңыз.
- 17) «Энгармонизм» дегеніміз не?
- 18) Ноталардың әріппен таңбалануы.
- 19) «Тембр» дегеніміз не?
- 20) «Дипазон» ұғымына түсінік беріңіз.
- 21) «Музыкалық дыбыс қатары» дегеніміз не?
- 22) «Үшдыбыстықтар» дегеніміз не? Олардың түрлерін атаңыз.
- 23) «Скрипка кілтін» тағы қандай атауын білесіз?
- 24) Қазақстан композиторларын атаңыз?
- 25) ҚР Мемлекеттік ән ұранының авторларын атаңыз.
- 26) Қазақ халқының белгілі күйшілерін атаңыз.
- 27) Балалар композиторларын атаңыз.
- 28) «Халық әні» ұғымын қалай түсінесіз?
- 29) Құрманғазының қандай күйлерін білесіз?
- 30) Халық әншілері мен күйшілерін атаңыз.

- 31) Қазақ халық аспаптарын атаңыз.
- 32) Қорқыт қандай аспапта ойнағанын айтыңыз?
- 33) «Көңіл толқыны» күйінің авторын атаңыз.
- 34) Абай Құнанбайұлының қандай әндерін білесіз?
- 35) Ш.Қалдаяқовтың қандай әндерін білесіз?
- 36) «Ақсақ құлан» күйдің авторын атаңыз.
- 37) Мектеп бағдарламасындағы бір әнді орындап беріңіз.
- 38) «Айтыс» дегеніміз не?
- 39) Үрмелі аспаптарды атаңыз.
- 40) Қазіргі таңдағы әншілерді атаңыз?
- 41) Әнші мен жыршының айырмашылығы қандай?
- 42) «Шертпе күй» мен «төкпе күйдің» айырмашылығын айтыңыз.

Екінші шығармашылық емтихан бойынша бағалау көрсеткіштері төмендегідей бағаланады:

**«42-50» балл.** Музыкалық сауаты мен білімі өте жақсы. Негізгі талаптарға сай жауап берілді. Есту, есте сақтау, ырғақ, музыкалық сезім, әндету қабілеттері өте жақсы. Сұрақтарға дұрыс жауап берілген.

**«33-41» балл.** Есту, есте сақтау, ырғақты сезіну қабілеттері жақсы. Музыкалық сауаты мен білімін анықтайтын сұрақтарға жауап беруде жауабы талапқа сай.

**«24-32» балл.** Есту, есте сақтау, ырғақ, музыкалық сезім, әндету қабілеттері қанағаттанарлық деңгейде. Музыкалық сауаты мен білімін анықтайтын сұрақтарға жауап беруде кей бір кемшіліктер кеткен.

**«14-23» балл.** Есту, есте сақтау, ырғақты сезіну қабілеттері қанағаттанарлық. Музыкалық сауаты мен білімін анықтайтын сұрақтарға берген жауабы толық емес.

**«5-13» балл.** Есту, есте сақтау, ырғақты сезіну қабілеттері қанағаттанарлықсыз. Музыкалық сауаты мен білімін анықтайтын сұрақтарға жауап берген жоқ.

**«4» балл.** Есту, есте сақтау, ырғақты сезіну қабілеттері жоқ. Музыкалық сауаты мен білімін анықтайтын сұрақтарға жауап берген жоқ.

**«42-50»балл - (өте жақсы)**

**«33-41»балл - (жақсы)**

**«24-32»балл- (жақсы)**

**«14-23»балл - (қанағаттанарлық)**

**«5-13»балл- (қанағаттанарлық)**

**«4» балл - (қанағаттанарлықсыз)**

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:**

1. Музыка теориясы: Тапсырмаларды орындау әдістері мен практикасы. Оқу құралы. А. Ж. Тобағабылова. - Түркістан : Тұран, 2021.
2. Музыка теориясы мен сольфеджио: негізгі оқу курсына арналған оқу құралы. А. Ж. Тобағабылова. - Түркістан : Тұран, 2021. - 111 с. - ISBN 978-601-339-108-3.
3. Музыка теориясының негіздері. Оқу-әдістемелік құрал. Түркістан, «Тұран» баспаханасы. 2016. А. А. Якуб, Р. Н. Ельжанова

**Қосымша әдебиеттер:**

1. Краткий курс элементарной теории музыки. Учебное пособие: Изд 6-е / Д. И. Ростов н / Д : Феникс. 2019. Шайхутдинова И.
2. Теория музыки. Учебно-методическое пособие. «Тұран» баспаханасы. Туркестан., 2017. А. А. Якуб

**Web сайттар тізімі:**

3. Элементарная теория музыки, основы гармонизации и аккомпанемента Личман, Е. Ю. Павлодар 2016 РМЭБ <http://rmebrk.kz>
4. [1. https://articlekz.com/article/8366](https://articlekz.com/article/8366)